

Бекетемін:

И.Турсун

№"Ай-Керім"бөбекжай

Бакшасының меңгерушісі:

К.КСейдалиева

“Алақай жаңа жыл”



Тәрбиеші:Жакыпбек. А

Тулеева,Д

«Алақай Жаңа жыл»

Жүргізуші: Амансың ба халайық?

Жаңа жылды тойлайық

Ән салайық, билейік

Көңілімізді көтерейік

Құрметті ата-аналар, әріптестер «Құлыншақ» тобының балаларының «Алақай жаңа жыл» ертеңгілігін бірге тойлайық!

Би: «Джингл Белс» (балалар қатарға тұрыппойыз болып кіреді)

Жүргізуші: Көптен күткен жаңа жыл мерекесі келіп жетті. Биылғы жаңа жыл баршамыздың отбастарымызға бақыт, береке, ынтымақ алып келсін. Балалардың біздің жаңа жылға жаттаған қандай өлең шумақтарымыз бар?

Асылым: Ақша қарым сүйкімді,

Сағындық қой күлкіңді.

Өзіңменен би билеп,

Ұмытпаймын бұл күнді.

Нұрсұңқар: Аяз атам, ақ атам,

Саған арнап ән айтам.

Құт-қуаныш әкелсін,

Құтты болсын ақ батаң.

Медина: Ал балалар билейік,

Ойнайық та, күлейік.

Аяз ата қуансын.

Димаш: Өлең де әзір, ән де әзір.

Ойын да әзір, бәрі әзір,

Кел, Жаңа жыл, біздерге,

Кел, Жаңа жыл, жаңа жыл.

Арсен: Арайлы бақшаның,

Үзілмейді жақсы әні.

Гүлденеді бақшалар,

Жауса, жаусын ақшалар.

Аяулым: Жаңа жылда, балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Ауырмаңдар ешқашан,

Мықты болу өзіңнен.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Балалар біздің шыршаның шамдары жағылмаған ғой. Ендеше

Кел, балалар, келіңдер!

Тамашаны көріңдер.

Бірге үріп шыршаның

Шамдарын жағып көріңдер.

*Қане, бәріміз бірге үріп шыршаның шамдарын жағайық!

Бір екі, үш, (үш шапалақ)

(Бірнеше рет қайталайды, шыршаның шамдары жанады)

Жүргізуші: Балалар қараңдаршы шыршаның шамдары жарқырай түсті, қандай әдемі! Кәне ендеше шыршамызға арнап ән айтайықшы.

Ән: «Шырша»

(балалар орындарына отырады)

Жүргізуші: Балалар, өтіп бара жатқан жыл қандай жыл?

(Барыс)

Балалар құлақ түріп тыңдаңдаршы, бір дүрсіл естілетін сияқты.

Барыс: Ырр. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын,

Айналама сыйлымын, сыйлымын.

Күшіме мен сенемін, сенемін

Бәрін де де жеңемін, жеңемін.

Сендер білесіңдер, өткен жыл біздің жылымыз болды, Барыс

жылы.Бұл мереке маған арналған,өйткені бұл менің жылым.Бәрі менің қалауым бойынша болады.

(Осы кезде қумандаған түлкі кіреді)

Түлкі: Ой сәлеметсіз бе қадірменді,әмірі күшті,Барысжан.Кәне балалар амандасайық жыл басымен.

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Түлкі:Не қалайсыз?Бүкіл тірліктеріңізді орындайық.

Барыс: Көңілімді көтергім келіп тұр.Мерекенің сәнін келтіріп бір би билеңдер!

Түлкі: Кәне біздің Фея қыздарымыз тұрындар Барыстың көңілін көтерейік.

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,

Шыршамызды айналып

Би билейік ән салып

Би: «Фея»

Түлкі:Барысжан,қалай көңіліңіз көтерілді ме?

Барыс:Жоқ ,әлі көңілім толмай тұр!

Түлкі: Балалар мүмкін жаңа жылға арнап,барыс патшаға арнап тақпақтар айтып берерміз.

2.Адина:Снег идет,снег идет,

Значит скоро новый год

Дедушка Мороз придет

Всем подарки принесет

Ескендір:Жаңа жылда балалар,

Тек жақсылық көріңдер

Жылау, ауру жамандық

Қастарыңда болмасын.

Әмина:Жүзімізге күлкі ойнап,

Қанаттанды жанымыз,

Жаңа жылды біз тойлап,

Аяз ата қуансын деп,
Дөңгеленіп, зырлайық

Айзере: Ақ тайағын тайаанып,

Таңмен бірге оянып,
Аяз ата келіп тұр.
Ақ күпеге оранып,

Бексұлтан: Шыңнан сырғып түсті де,

Келді етіке қыс міне

Ақ қарлар-ақ көбелек,

Қонды үйлер үстіне.

Хадиша: Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Жадырап бар бала жүр

Жүргізуші: Аяз ата балаларымыздың әнін қабыл алыңыз.

Ән «Жаңа жыл»

Аяз ата: Көңілім толып қуанып қалдым, ал маған кететін кез
келді(қолын бұлғап бұрылып шығуға дайындалады)

Ақшақар: Ата сіз әзілдеп тұрсыз ба?

Сыйлықтарыңызды ұмыттыңыз ба?

Әлде сіз балаларды сүймейсіз?

Тәтті егер бермесеңіз?

Аяз ата: Ой, Аңқаубасым ай, аңқау басым.

Кәне сендерге көрсетемін сиқырды.

Бір екі үш . сыйлық мұнда түс.

Қоян шаамен сүйреп залға сыйлықтарды кіргізеді.

(Аяз атамен Ақшақар сыйлықтарды үйлестіреді)

Аяз ата: Өнерлі екен ұлдарың,

Өнерлі ару қыздарың,

Жарқын, жарқын жүздерің,

Әр жыл сайын сендерге,
Келіп тұрамын сағынып.

Мен енді өздеріңмен қоштасып, келесі бақшаға барайын. Онда да өздерің секілді бүлдіршіндер күтіп отыр. Қош сау болыңдар балалар!

Балалар: Қош сау болыңыздар Аяз ата мен Ақшақар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Алақай Жаңа жыл» атты жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата-аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңызға рақмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!!!!

